

«Бекітемін»
ЖШС «Лилия» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
О.А.Лигус

ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасы

«Өзін-өзі бағалау парағы»

Шымкент 2026ж

**Бакша мекен жайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Кіші Самал мөлтекауданы, 1600 үй
Аумағы : 1550 кв / м**

Бөбекжай балабақшаның ашылған жылы-2017 жыл.

Сыйымдылық дәлділігі-145 балаға арналған.

БСН 170940021335

Эл.поштасы: Lili_kz@mail.ru, akhmetova_u@bk.ru

Инстаграмм парақшасы: Liliya_detskiysad

Меңгеруші: О.А.Лигус

Білім беру ұйымы туралы мәлімет

ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасы 2017 жылдан бастап жұмысын атқарып келеді. Бақшаның СЭС қуаттылығы – 145 балаға арналған. Кәзіргі таңда бақшада 145 бала тәрбиеленеді. Бақша территориясында екі бақша корпусы орналасқан. Бірінші үлкен корпус үш қабаттан тұрады. Оның ауданы-1365,8 кв/м, ал екінші корпусымыз – 185,3 кв/м құрайды. Жалпы бақша ауданы -1550 кв / метрді құрайды. Бақшаның ауласын қосқанда жалпы бақша ауданы - 0,3606га жерді алып отыр.



Бақпамызда 19 қызметкер жұмыс жасайды. Олар: меңгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиеші, музыка жетекшісі, қазақ тілі пәні мұғалімі, тәрбиеші көмекшілері, аспазшылар, есепші, сантехник, бақша күтушісі. Педагог кадрларына келер болсам, 7 тәрбиеші, 1-қазақ тілі пәні мұғалімі, 1- музыка жетекшісі бар. Олардың арасында 7 педагог- жоғары білім ордаларын оқып бітіргендер, ал қалған 2 педагог- колледжді бітіргендер. Педагог-модератор санаты бар педагогтар саны - 6 адам, педагог-сарапшы – 1 адам, ал қалған екі қызметкердің педагог санаты бар, еңбек өтілдері бес жылға жетпейді.

Педагогтар жайлы мәлімет:

№	Педагогтың аты-жөні	Қызметі	Еңбек өтілі	Санаты
1	Лигус Ольга Александровна	0,25 жүктемеде меңгеруші, 1 жүктемеде тәрбиеші	11	Педагог-модератор
2	Хоменко Любовь Леонидовна	0,5 жүктемеде әдіскер, 1 жүктемеде тәрбиеші	43	Педагог-модератор
3	Кривonosова Екатерина Юрьевна	тәрбиеші	9	Педагог-модератор
4	Рыбникова Оксана Витальевна	тәрбиеші	30	Педагог-сарапшы
5	Сыздыкова Акнур Амангельдыевна	тәрбиеші	3	Педагог
6	Чепуркина Алена Владимировна	Саз жетекшісі	43	Педагог-модератор
7	Ивантова Маргарита Анагольевна	тәрбиеші	9	Педагог-модератор
8	Костеневич Яна Валерьевна	тәрбиеші	4	Педагог-модератор
9	Сабитова Алия Абу-Райраевна	Қазақ тілі пәні мұғалімі	2	Педагог

Бөбекжай - бақша педагогтары білім жетілдіру курстарына барып, үнемі білімдерін жетілдіріп отырады.

№	Курстан өткен мекеме атауы	2024-2025	2025-2026
1	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы	3	

2	STEP BY STEP" қоғамдық қоры		5
3	ЖПШ "Психология және менеджмент инновациялық академиясы		1
4	Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты	1	

Педагогтар, тәрбиешілер түрлі Республикалық, аудандық байқауларға да қатысып отырады және балаларды қатыстырады. Тәрбиешілер қатысқан байқауларында мақалалар жариялап отырды, әдістемелік құралдар жазып, олар әдістемелік кеңесте қаралып, бекітілді.

Бақшамызда 6 топ жұмыс жасайды. Олар:

№	Топ атауы	Бала саны	Тәрбиешінің аты - жөні
1	Китенок ортаңғы тобы	25	Рыбникова О.В. Кривоносова Е.Ю.
2	Мамонтенок ортаңғы тобы	20	Сыздыкова А.А.
3	Жауқазын ересек тобы	25	Иванятова М.А.
4	Ромашка ересек тобы	25	Хоменко Л.Л.
5	Динозаврики мектепалды даярлық	25	Лигус О.А.
6	Лучик мектепалды даярлық тобы	25	Костеневич Я.В.

Әрбір топта жатын бөлме, ойын бөлмесі, ұйымдастырылған іс - әрекетке арналған бөлмелер, ас бөлмесі және балалардың жуынатын бөлмелері санузел бар. Әрбір бөлме стандартқа сәйкес жиһаздармен жабдықталған. Жатын бөлмелерде топ балаларына сәйкес 25 төсек орындары бар. Оқу бөлмесінде 25 балаға үстелдер мен орындықтар, тақта, мұғалім үстелі, шкафтар орнатылған. Бақшада интерактивті тақта бар. Әрбір топта бес дағды бойынша дамыту орталары бар. Олар: әлеуметтік, коммуникативті, танымдық, шығармашылық, дене тәрбиесі бойынша. Балаларда бес дағды бойынша білімдері жақсы қалыптасқан.

Бөбекжай бақшамызда медбике кабинеті мен асхана, музыкалық залымыз бар.



Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу аясында баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып барлық топтар бала өміріне қауіпсіз жиназдармен, оқу іс-әрекетіне керекті көрнекіліктермен жабдықталған. Бөбекжай-балабақшаға толықтай ішкі және сыртқы бейне камералар орнатылған. Ішкі камералар саны-31, сыртқы камералар саны-9. Бейнебақылау жүйесі жедел басқару орталығына қосылған. Бақшамыз күзет агенттігімен қорғалады. Сонымен қатар, бақшамызда азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі, дауыстық ескерту жүйесі де бар. Қақтада бейне есік қоңырау жүйесі орнатылған.

Бақша ауласында ойын алаңы мен 6 ойын беседкалары бар. Әр ойын беседканың жанында әткеншектер, горкалар, құм салғыштар орнатылған. Балалардың доппен ойнайтын футбол қақпасы да бар. Ал жерге газон төселген. Бақшамызда ашық бассейн жұмыс жасайды. Онда балалар жаз бойы шомылып, шынығады. Бассейн жанында «Тропинка здоровья» бұрышы бар. Онда балалар жалаң аяқ құмның, тастың үстінде жүріп, бойын шынықтырады.



Бақшамыздың 2025-2026 оқу жылында түзілген жылдық жоспарымыздың негізгі мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру. Осы айтылған мақсатты негізге ала отырып, тәрбиешілер балалармен көптеген жұмыстар жүргізді. Олар: таңертен балаларды қабылдап болған соң міндетті түрде Әнұран айтқызады, дене шынықтыру сабағында немесе серуендеу барысында қазақтың ұлттық ойындарын ойнағады, әр өткізілген ертеңгіліктерде балалар міндетті түрде қазақтың ұлттық биіне билейді және азанда балаларды қабылдау кезінде және балаларды ұйықтататын кезінде қазақ елінің күйлерін қосып, балалардың патриоттық сезімдерін оятуға, ұлттық құндылықтарын бойларына сіңіруге ықпал жасайды.

Қосымша балардың денсаулығын нығайтып және сауықтыру, шығармашылық ойлау қабілеті мен қиялын дамыту мақсатында бөбекжай бақшамызда гимнастика би, ағылшын тілін үйрету, құм терапиясы және ЛФК үйірмесі жұмыс жасайды.

Бөбекжай бақшамызда мерекелік іс-шаралар жылдық жоспар негізінде өткізіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер, көрмелер, топтар арасындағы түрлі сайыстар да өткізіліп тұрады. Бақшамызда ата-аналардың қатысуымен семинар, дөңгелек үстел және ашық есік күндері өткізіледі. Өткізілген семинар тақырыбы: «Семья – обитель счастья», дөңгелек үстел тақырыбы: «Успешный ребенок – тактика родительской поддержки» және ашық есік күні тақырыбы «Наурыз – жыл басы». Сонымен қатар, «Менің сүйікті тәрбиешім» көрмесі негізінде де ата-аналар үшін ашық есік күні өткізілді.

Әр оқу жылында бөбекжай бақшамызда қызметкерлердің еңбегін қауіпсіз жағдаймен қамсыздандыру және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша жұмыс жүргізіледі. Кестеге сәйкес балабақша қызметкерлерінен еңбек қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және сол бойынша емтихан алынады.

Үйде және көшеде, бақшада балалар қауіпсіздік ережелерін білу үшін аптасына бір рет тәрбиеші қауіпсіздік бойынша тәрбие сағаттарын өткізіледі.

Төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2025-2026 оқу жылына арналған тақырыптық жоспары негізінде барлық топ балаларына «Өрт кезіндегі қауіпсіздік» және «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік» бойынша теориялық және тәжірибелі сабақтар жүргізілді.

Біздің бөбекжай бақшада Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы № 348 бұйрығы жалпыға міндетті стандартына сәйкес жұмыс жүргізеді. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің м.а 2022 жылғы № 422 бұйрығына сәйкес оқу бағдарламасына тәрбие мен оқыту жұмыстары жүргізіледі, үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылдың 12-мамырдағы №195 бұйрығы балабақшадағы оқу процесі жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Оқу-тәрбие жұмысы ата-аналармен тығыз байланыс арқылы жүргізілді. Бөбекжай балабақша ата-аналар үшін жылына үш рет жиналыс ұйымдастырылып, өткізіледі. Ата-аналар үшін ашық есік күндері ұйымдастырылады, сонымен қатар, балаларға арналған ертеңгіліктерге және іс-шараларға ата-аналарды тартып, ат салысуға шақырады.

Бөбекжай – бақшамызда жыл бойында педагогикалық кеңестер, өндірістік кеңестер, әдістемелік кеңестер, қамқоршылық кеңестер мен педагогикалық әдіп кеңестері жоспар бойынша өткізіліп отырды. Әр өтілген кеңестердің хаттамалары жазылды.